



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

6.Василенко В.А. Ответственность государства за международные правонарушения. — Киев: 1976. — 220 с.

7.Жуков Г.П. Международное космическое право и вызовы XXI столетия. — М.: 2011. — 41 с.

УДК- 341.1/8

## ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ СИРИЯ МӘСЕЛЕСІ: БҰҰ МЕН ИЫҰ ҰСТАНЫМЫ

**Жанас Айдана Махаббатқызы**

Zhanas\_aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.**Бүкіл әлемді ауқымды қамтып, ең бір өзекті, өткір, жаһанды мәселелердің бірі - таяу шығыстағы Сирия мәселесі.

**Аннотация.**Один из самых глобальных проблем человечества является Сирия.

**Abstract.**To embrace a world scale, one of the most acute global problems from Syria in the middle East.

**Түйін сөз:** Балалар, ұйым, БҰҰ, Сирия

**Ключевые слова:** Дети, организация, ООН, Сирия

**Keyword:** Childrens, organization, UN, Syria

Қазіргі таңда Сирияда сансыз бала соғыстың салдарынан зардап шегіп жатыр. Лондондағы «Оксфорд» зерттеу орталығында даярланған «Ұрлап әкетілгеннің келешегі» деген айдармен жазылған есепте Сирия соғысында қаза болған балалардың жан түршіктірерлік санына сілтеме жасалған. Осы мәлімет бойынша, Сириядағы азаматтық соғыс барысында шамамен соңғы үш жыл бойында 11 мыңнан астам сириялық сәби жан тапсырған. Ұсынылған деректер бойынша, осы балалар көбінесе бомба немесе зеңбірек оғының жарылысынан өздері тұрып жатқан аумақта қаза болған. Лаңкестердің балаларды өлім жазасына кесуі немесе азаптау фактілері жөнінде де мәлімденген. Осы мәлімет бойынша 17 жасқа дейінгі құрбан болған 11420 кісінің 389-ын мергендер атып өлтірген. 100-ден астам кісі азаптау немесе зорлық-зомбылыққа ұшыраған.[1]Халықаралық «Балаларды құтқарындар!» ұйымы соңғы кезде БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне ұсынған есебінде балалар мен жасөспірімдердің Сириядағы соғыстың негізгі құрбандары екендігіне сілтеме жасап, лаңкестік топтардың балаларды теріс пайдалануы жөнінде ескерту жасады. БҰҰ-ның балалар қоры «UNICEF» те өзінің таяудағы есебінде «Сириядағы балалар енді қақтығыстарға шыдай алмайды» деп мәлімдеді.[1] Осы ұйым Сирия дағдарысының балаларға тигізіп жатқан әсеріне алаңдаушылық білдірумен қоса, осы елде «жоғалған ұрпақ» құбылысының орын алуына байланысты ескерту жасады.

Әлемдік, аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне қатты алаңдайтын халықаралық қауымдастық Сириядағы саяси жағдайдан да тыс қала алмайтындықтарын білдірді. Халықаралық аренадағы беделді ұйымдар соғысты тоқтату мен қақтығысты реттеу жолдарын ұсынды. 2012 жылдың сәуір айында БҰҰ бақылаушылар тобы Сирияда орналасты. 8 мамырда Халықтық Кеңесіне алғашқы рет көппартиялардың қатысуымен сайлау өтті. Нәтижесінде Бас партиясынан жасақталған «Ұлттық бірлік» партиясы жеңіске жетеді. Елде бітімге келгеніне қарамастан, қақтығыс жалғаса берді. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Сирия басшысының әскери іс-әрекеттерін айыптады. Кофи Аннан қақтығысты реттеуде өз жоспарын ұсынды.

Оның жоспары 6 тармақтан тұрды:

1. Бүкіл халықтың мүдделерін ескеретін шешім қабылдау;
2. Бейбіт тұрғындарды қорғау мақсатында БҰҰ бакылауымен қарулы қақтығысты тоқтату;
3. Қарулы қақтығыс аймақтарына гуманитарлық көмекті еш кедергісіз жіберу және екі сағаттық оқ жаудыруды тоқтату үзілісін бұзбау;
4. Шерулерге қатысқан адамдарды түрмеден босату;
5. Сирия басшылары мен оппозиция елдің ішінде тілшілердің еркін жүруіне мүмкіндік жасау;
6. Билік басындағылар тарапынан бейбіт шеру мен жиналу еркіндігін құрметтеу.

Бірақ бейбіт жолмен реттеуді ұсынған Кофи Аннанның жоспары іске аспады. БҰҰ бұрынғы Бас Хатшысы Пан Ги Мун Сирия басшылығы мен оппозицияның мәселені дипломатия арқылы емес, қарумен шешуге ұмтылысын айыптап, оның ұзаққа созылатын азамат соғысына алып келетінін айтты. БҰҰ және Араб Лигасының арнайы уәкілі Кофи Аннанның бейбіт реттеу бағдарламасының орындалмауы - Сирия мәселесін бейбіт шешу мүмкіндігіне кедергі болып отыр. Қарулы қақтығыстың қайтадан ушығуына байланысты БҰҰ Сириядағы өз миссиясын аяқтап, аумақтан шықты. Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері де бір шешімге келе алмады. 2011 жылдың басында Сириядағы үкіметке қарсы шерулерді басуда адам құқықтары бұзылғандығы жөнінде арнайы қарар қабылдағанымен, Ресей мен Қытай Сирия аумағына әскер енгізуге қарсы болды. 2012 жылы 3 тамызында БҰҰ Бас Ассамблеясы сириялық үкіметті айыптайтын қарар қабылдады.[2] Бұл қарарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қақтығысты шешуге қауқары жоқ деп айыпталды. Қауіпсіздік Кеңесінің белсенді әрі тиімді шешім қабылдауына мемлекеттердің Сирия қақтығысына қатысты ұстанымдарының қарама-қайшылығы себеп болып отыр. Еуроодақ Кеңесі 2012 жылдың 15 маусымында Сирияға 14 тармақтан тұратын санкция жариялады. Осындай бағдарлама еуропалық мемлекеттерден БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне ұсынылды. Бірақ Ресей мен Қытай veto құқығын пайдаланып, Сирияға санкция жүргізу қарарын тоқтатып қойды. Ресей мен Қытай күшпен саяси жүйенің ауысуына қарсы, сондықтан өздерінің бейбіт шешу жобасын ұсынып отыр. Сонымен қатар, Батыс елдері қақтығысты реттеу үшін Сирияға әскер енгізуге дайындығын хабардар етті. Түркия үшін Сирия мәселесі Баас партиясының құқықсыз іс-әрекеті ғана емес, енді сириялық толқулар елдің шекарасына қауіп төндіруде. Сирияның артиллериялық оқтарынан Түркия аумағындағы бейбіт халықтар зардап шегуде. Екіншіден, Түркия үкіметі лаңкестік топтардың қарулы қақтығысты пайдаланып, пайда болған бос кеңістікті толтыруға тырысатынына өз қобалжуын білдіреді. Үшінші мәселесі - босқындардың Түркия аумағына көптеп келуі. Сирия қақтығысының басында 24 мыңнан аса адам Түркияны паналаған.[3] Мәліметтер бойынша, Түркияға күніне 500 босқын келеді екен. Қазіргі кезде босқындар саны 100000-ға жетті және Түркия БҰҰ-дан босқындарды қамтамасыз ету үшін көмек сұрады. Босқындар санының артуы Түркия халқының қауіпсіздігі үшін қатер туғызуы мүмкін деп есептейді. Сондықтан Түркия НАТО мүшесі ретінде жарғысының 5- тармағы бойынша, Сирияға әскер енгізуді қолдап отыр. Ал Түркия басшыларының осындай мәлімдемелеріне Башар Асад Израильге әскери күшті жіберетінін айтқан болатын. Оны Иран, «Хезболла» қолдайтынына ешкім де күмән келтірмейді.[3]

Ал Ресейдің бұл мәселеге ұстанымы керісінше, ол Сирия мәселесі мемлекеттің ішкі мәселесі деген көзқараста. Сондықтан Сирияға қарсы барлық халықаралық санкциялар жөніндегі БҰҰ қарарына қарсылық білдіріп отыр. Бұған дейін АҚШ Президенті Барак Обама Сирия химиялық қару қолданған жағдайда біржақты әскер енгізуге дайын екенін хабарлаған. Оған Ресей тарапы қарсылық білдіріп, БҰҰ Жарғысында белгіленген қағидалар сақталу қажет деп есептейді. Араб әлемінде де Сирия мәселесіне байланысты бірауыздылық жоқ. Бір жағынан Иран бастаған топ Сириядағы Башар Асадтың билігін қолдап жатса, екінші жақ Батыс әлемі мен Түркияны қолдауда. Мысалға, Катар әмірі шейх Хамад бен Халифа Аль Тани Сириядағы оппозицияны қолдап, қарулы қақтығысты әскер енгізумен шешуді ұсынып отыр. ИЫҰ-ның Сирия мәселесіндегі алатын орнына келетін болсақ, ИЫҰ Сириядағы қақтығыстың бейбіт жолмен шешілуін қолдайды. Қазақстан Республикасы ИЫҰ СІМК

төрағасы ретінде Сирия мәселесін шешуде билік пен оппозиция арасында өз бітімгершілігін ұсынды. Қазақстан Түркияның оңтүстік ауданы Ақшақалаға Сирия снарядтары түскенін айыптайды. СІМК төрағасы ретінде Қазақстан аймақтағы шиеленістің ушығып кетпеуі үшін сабырлылық пен шыдамдылыққа шақырады. ИЫҰ Бас хатшысы Экмеледдин Ихсаноғлы Сирияға әскери араласуды мүлдем қолдамайды. Себебі Бас хатшының көзқарасы бойынша, Сирияға әскер енгізу – аймақты тұрақсыздандырып, кең көлемдегі соғысқа алып келуі мүмкін. Сондықтан ИЫҰ мүшелері мәселені бейбіт жолмен шешуді, әсіресе Кофи Аннанның жоспарын қолдайды. Сонымен қатар азамат соғысы барысында ИЫҰ мен БҰҰ сарапшылары Хомс, Идлиб, Дераа сияқты қарулы қақтығыс болып жатқан 15 сириялық қалаларды бақылап шықты. Миссиялардың міндетіне халыққа гуманитарлық көмек беру және болып жатқан оқиға жөнінде баяндама дайындау еді. Баяндамада Сирия халқының ауыр жағдайы айқындалып, 1 миллиондай адамға гуманитарлық көмек көрсету қажеттілігі көрініс тапты. Сондықтан ИЫҰ мүшелері азық-түлік, дәрі-дәрмек сияқты қажетті заттарды қамтитын 70 млн долларды құрайтын гуманитарлық көмек жіберді.[3] Маусымда Сирия басшылығы гуманитарлық көмек алуға рұқсат берді. Ең алғашқы көмек Қызыл Крест ұйымы тарапынан болды. Өрттен орасан зор зардап шеккен Хомс, Дераа, Идлиб сияқты қалалар көмек алды. БҰҰ мен 36 үкіметтік емес ұйымдар Түркия, Иордания, Ливан және Иракка қашқан босқындарға көмек көрсету мақсатымен 193 млн. Америка доллары көлемінде қаржы бөлді. Гуманитарлық көмек Ресейден, АҚШ-тан да жіберілді. Ресейден өмір сүруге қажетті азық-түлік, балаларға арналған тағам, шатыр және т.б. Жеткізілді. Египет гуманитарлық көмек ретінде Иорданиядағы сириялық босқындарға медициналық көмек көрсету үшін далалық госпиталь ұйымдастырды. АҚШ БҰҰ және үкіметтік емес ұйымдар арқылы шамамен 76 млн. Америка доллары көлемінде қаржы бөліп отыр. Басқа да елдер Сирияның зардап шеккен бейбіт халқына гуманитарлық көмекті белсенді түрде жіберіп отыр.[4] Бірақ Сириядағы қарулы-қақтығыстың салдарынан гуманитарлық көмекті жеткізу мүмкіншілігі шектелуде. Шетелден гуманитарлық көмек үшін шекара ашылғанымен, Сирияда кейбір елшілерді персона нон-грата деп танып, елден кетуге мәжбүрледі. Әл-Жәзираның мәліметі бойынша, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Түркия және тағы басқа Батыс елдерінің елшілері де Сирия аумағынан қуылды.

Алайда, БҰҰ және ИЫҰ тарапынан жүргізілген шаралардың іске аспауы аймақтағы қауіп-қатердің ушығуына алып келуде. 15 тамызда Меккеде өткен ИЫҰ төтенше саммитінде Башар Асад билігіне психологиялық, саяси және дипломатиялық қысым көрсету мақсатымен Сирияның мүшелігін уақытша тоқтатты. Сирия мүшелігін тоқтату ұсынысы Сауд Арабия мен Катар тарапынан жасалынған еді.[5] Бұл шешімге Иран қарсы болды. Сирияның ресми өкілдері саммитке мүлдем шақырылмады. Бұл қадам Сирия мәселесін толық шешіп қоймаса да, мұсылман қауымдастығының ұстанымын көрсетеді. Сирияның ИЫҰ-дағы мүшелігін тоқтату АҚШ тарапынан қолдау тапты. АҚШ Мемлекеттік Департаментінің өкілі Виктория Нуланд ИЫҰ-ң бұл қадамы Сирияның одан әрі халықаралық оқшаулануын бекітті деп хабарлады. [6] Себебі оған дейін Араб Лигасы да Сирия мүшелігін тоқтатқан болатын. Жалпы, Сириядағы азамат соғысы аймақта шиеленісті жағдайды ушықтыра түсті. Энергетикалық ресурстардың маңыздылығы артқан сайын Таяу Шығыс қақтығысты аймақтардың біріне айналып, шиеленістер бәсеңдейтін емес. Сондықтан да, барлық мемлекеттер әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді басты мақсат тұтқан БҰҰ мен ИЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар аясында бірлесе әрекет жасаған жағдайда ғана қақтығыстардың кең етек алуын шектеу мүмкіндігіне ие болары айқын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. [Http://turkystan.kz/zhahan/7367](http://turkystan.kz/zhahan/7367)
2. [Http://www.altyn-orда.kz/kz/kazaksha-siriyadagy-sogys-sebep-pen-saldar/](http://www.altyn-orда.kz/kz/kazaksha-siriyadagy-sogys-sebep-pen-saldar/)
3. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ж
4. Report of the Commission Entrusted by the Council with the Study of the Frontier between Syria and Iraq

5. Michelle Nichols /Syria death toll likely near 70000, says U.N. rights chief/12.02.2013/  
www.reuters.com

6. Syrian refugees straining health services in region, UN warns in new report /26.04.2013/  
www.un.org

7. Joshua Landis /Middle east policy: Why Assad regime is likely to survive to 2013  
/23.02.2012/ www.academia.edu

8. Karen deyoung /On Syria, recent developments favor case for stepped-up US military aid  
/7.05.2013/www.washingtonpost.com

УДК 341.225.5

## **ЗНАЧЕНИЕ РЕГИОНАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В РЕШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ АРАЛЬСКОГО МОРЯ**

**Жанат Айя Бахтиярқызы**

Bilibaeva79@bk.ru

Студент 2-го курса юридического факультета по специальности

«Международное право» ЕНУ им Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Куликпаева М.Ж. и.о. Доцента кафедры международного  
права ЕНУ, phd

Аральское озеро или как мы привыкли его называть Аральское Море (44°48'47" с. Ш. 59°36'55" в. Д.) — это соленый водоем, который расположен на Туранской низменности, на границе между Казахстаном и Узбекистаном. В бассейне моря пребывают пять независимых стран Центральной Азии, такие, как Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан, и малая часть приходится на Афганистан и Иран. Территория, занимаемая бассейном Аральского моря насчитывает более 690.000 квадратных км., и в нем размещаются три разнообразных экосистемы: горы, пустыни и Арал. Хребты гор Тянь-Шаня и Памира на юге и юго-востоке характеризуются большими возвышенностями и значительной степенью осадков. Значительную часть площади бассейна занимают равнинные пустыни Каракум и Кызыл-кум, и тут отмечается огромное многообразие растительной и живой природы, адаптированной к теплому сухому лету и короткой зиме. Государства Центральной Азии, обладая древними культурными и экономическими связями, занимают пространство с общими чертами природной среды. Природа формируется высочайшими горными хребтами Памира и Тянь-Шаня, обширными пустынями и степями, крупными азиатскими реками Амударья, Сырдарья и бессточными водоемами – крупнейшими из которых являются Каспийское и Аральское моря. В регионе преобладает резко континентальный и континентальный климат, чтобы удовлетворить потребности сельского хозяйства и населения требуются осадки и подземные воды, однако их недостаточно. Общее количество населения 5 азиатских стран насчитывает около 55 млн. Человек. В бассейне Аральского моря насчитывается 40 млн. Человек, 4 млн. Из которых проживающих в зоне экологического бедствия, она охватывает часть Узбекистана и южную часть Казахстана. Богатство региона это природные и энергетические ресурсы. В регионе имеется значительное количество запасов нефти, угля, газа, фосфоритов, урана железных руд и медных руд [1].

Аральское море раньше было четвертым по величине морем (озером) в мире и ежегодно обеспечивало экономику региона тысячами тонн рыбы. По своей величине уступало лишь Каспийскому морю, озеру Виктория и Великим Американским озерам. Но с 1960-х годов оно стало неуклонно высыхать. В начале 20х годов 20 века Советским Союзом земли Узбекской ССР были превращены в хлопковые плантации. Там приказали построить оросительные каналы, которые будут обеспечивать водой посевы в середине региона. Эти оросительные каналы брали воду из рек, питающих Аральское море - Амударья и Сырдарья.